

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ**

№ 07 ХАТТАМА

20 ақпан 2023 ж.

Ғылыми кеңестің кезектен тыс мәжілісі

Төраға орынбасары: Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор Г.З. Бегембетова

Хатшы: ф.ж.м.ғ. кандидаты Ш.А. Аманжолова

ҚАТЫСҚАНДАР:

1) Г.З. Бегембетова – Төраға орынбасары, ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор, қауымдастырылған профессор (доцент), (PhD) өнертану кандидаты;

2) Г.Б. Әбдірахман – Ректордың міндетін атқарушы, оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, профессор, өнертану кандидаты;

3) Е.Ж. Скаков – Ректор аппараты қызметінің басшысы;

4) Ш.А. Аманжолова – Ғылыми хатшы, доцент, физика және математика ғылымдарының кандидаты;

5) М.А. Ешмұханов – Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор;

6) Н.А. Ертаева – Оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің жетекшісі;

7) С.И. Утеғалиева – профессор, өнертану докторы;

8) Т.Т. Токжанов – «Халық музыкасы» факультетінің деканы, профессор;

9) Г.Ж. Мусагулова – «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы, өнертану кандидаты, профессор;

10) А.С. Нусупова – «Вокал, дирижерлау және музыкалық білім беру» факультетінің деканы, Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, өнертану кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент);

11) А.С. Бекенова – «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы, доцент, философия докторы (PhD);

12) Б.А. Жаманбаев – «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі, ҚР халық артисі, профессор;

13) Г.К. Мурзабекова – «Ішекті аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, ҚР халық артисі, профессор;

14) А.Г. Каирбекова – «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, профессор, философия ғылымдарының докторы;

15) С.М. Медеубаева – «Ансамбль өнері» кафедрасының меңгерушісі, профессор;

16) М.Т. Койлыбаева – «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD), доцент;

17) А.Ұ. Күзеубай – «Халық әні» кафедрасының меңгерушісі, PhD философия докторы, доцент;

18) С.С. Калиев – «Арт-менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану кандидаты;

19) О.В. Нестерова – «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, философия докторы (PhD);

20) Т.К. Бекназарова – «Вокалдық өнер» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану магистрі;

21) Д.А. Нурбаева – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану ғылымының магистрі;

22) А.А. Карсакбаева – «Қобыз және баян» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану ғылымының магистрі;

23) К.А. Есдаулетова – «Музыкалық білім беру және психология» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану ғылымының магистрі;

24) Ж.Т. Мусапирова – «Жалпы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану ғылымының магистрі;

25) И.А. Гавриленко – «Арнайы фортепиано» кафедрасы меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану ғылымдарының магистрі;

26) О. Омарұлы – Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бас әкімші;

27) Ж.А. Сафиева – «Музыкатану» мамандығының 1 курс магистранты;

28) А.С. Ахмедиярова – «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығының 3 курс студенті.

ҚАТЫСПАҒАНЫ: 1 адам: (еңбек демалысына байланысты)

1) А.А. Жудебаев – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы аумағында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлау алды іс-шараларды өткізу барысы туралы (*Г.З. Бегембетова – Төраға орынбасары, Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор*).

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Ректордың міндетін атқарушы, оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Г.Б. Әбдірахманның Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы аумағында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауалды іс-шараларды өткізу барысы туралы мәлімдемесі.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Г.З. БЕГЕМБЕТОВА – Төраға орынбасары, Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор:

Қайырлы күн, құрметті Ғылыми кеңес мүшелері!

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы қарсаңында Ғылыми кеңестен

консерватория аумағында сайлауалды іс-шараларды өткізу туралы мәселені қарауды сұраймын.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес консерваториямыздың мақсаты оқу үдерісін жүзеге асыруға, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жағдай жасау екенін еске салғым келеді. Түрлі саяси партиялардың кез келген сайлау алдындағы іс-шараларын өткізуі консерваторияның жарғылық қызметіне, оның міндеттері мен мақсаттарына сәйкес келмейді. Профессорлар құрамы мен студенттердің қоғамдық-саяси көзқарастарының тәуелсіздігіне құқығы бар екенін ескере отырып, консерватория аумағында сайлауалды іс-шараларды өткізу оқу үдерісіне қалыпты жағдай жасауға кері кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан кез келген кандидаттар мен саяси партиялар үшін консерваторияда сайлау алдындағы іс-шараларды өткізуге шектеу қою мәселесін қарастыруды сұраймын. Бұл мәселе бойынша пікірлеріңізді тыңдасақ.

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Ректордың міндетін атқарушы, оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор:

Қайырлы күн, құрметті Ғылыми кеңес мүшелері!

Қазіргі Қазақстан қоғамының саяси өмірінде маңызды кезең болып жатқаны сөзсіз. Сайлауға қатысу, белсенділік таныту әр мемлекет азаматына қатысты іс. Бірақ, консерваторияның басты міндеті білім беру және оқу үдерісін тиімді жүзеге асыру үшін білім алушылар мен ПОҚ қолайды жағдай жасау болып табылады. Бізде аудиториялар жетіспейді, барлық аудиторияларда сабақтар күні бойы жүреді. Сонымен қатар, қазір бізде концерттерге дайындықтар, халықаралық фестивальдар, «Өнер» бағыты бойынша музыкалық колледждер мен мамандандырылған мектептердің білім алушылары арасындағы XV Республикалық кіші олимпиадалар аясында шеберлік-сыныптары жүріп жатыр. Одан басқа концерттік залдарда класс-концерттері, шетелдік қонақтар, музыкалық жобалардың ұйымдастырушыларымен кездесулер және олардың концерттері өтіп жатыр.

Сондықтан, оқу үдерісінің қалыпты жағдайына кедергі келтірмес үшін консерватория аумағында сайлау алды іс-шараларын өткізуді болдырмау қажет деп ойлаймын. Ғылыми кеңестің шешімі негізінде әртүрлі саяси партиялар мен үміткерлерге консерватория аумағында сайлау алды іс-шараларын өткізуге тиым салуды ұсынамын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы аумағында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауалды іс-шараларды өткізу оқу үдерісіне қалыпты жағдай жасауға кері кедергі келтіруіне байланысты, олардың

өткізілуіне рұқсат берілмесін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

Төраға орынбасары

Хатшы



Г. Бегембетова

Ш. Аманжолова